

Бөрлі ауданының 75 жылдық тойы

Тарих беттерін парақтасақ, Бөрлі ауданы Батыс Қазақстан облысының құрамында 1935 жылы 9 қаңтардағы ҚазАССР-ның орталық атқару комитеті Президиумының Қаулысымен құрылған екен. Осыған орай аудан орталығы Бөрлі селосы болып белгіленді. Жаңа ауданның құрамына Шыңғырлау ауданының 8 селолық кеңесі мен Теректі ауданының 7 селолық кеңесі жалпы көлемі 3937,4 шаршы километр жерімен 11195 тұрғынымен енген екен.

Осы кезден бастап ауданның өз алдына әкімшілік-аумақтық құрылу тарихы басталды. 1936-1940 жылдары әлеуметтік сала да өркендеп, бейбіт тірлікті бұзған Ұлы Отан соғысы кезінде ауыл шаруашылығы соғыс жағдайына икемдеуге көп күш жұмсады. Тың игеру кезеңі Бөрлі ауданына да үлкен серпіліс әкелді деуге болады. Осы жылдары аудан қанатын кенге жақ өркендеп, жаңа колхоз-совхоздар құрыла бастады. Үкіметке тонналап астық тапсырып, ауыл шаруашылығы кеңінен дами түсті. Қазақстан қала типтес поселкесі 1963 жылы аудан орталығы болып

белгілі. 80-жылдардың ортасынан бастап, Ақсай қаласы тарихында жаңа кезең басталып, әлемге әйгілі Қарашығанақ кен орны игеріле бастады. Бүгінге дейін ауданның экономикалық-әлеуметтік тарихында көптеген жұмыстар атқарылып, кейінгі толқынның орнын жаңа буын басып, көптеген басшылар мен жетекшілер, адамдардың тарихта өзіндік қолтаңбалары қалды.

Биыл Бөрлі ауданының құрылғанына 75 жыл толу мерейтойына орай Ақсай қаласында мерейлі той 2 қазанда өткізілді. Айтұлы мерекеге БҚО әкімінің орынбасары Е.Ғ. Салыхов, Қазақстан кіші халықтар Ассамблеясы төрағасының орынбасары Қ.Т. Телебаев, облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық департаментінің бастығы Ғ.И. Дүйсембаев, Орал қаласы әкімінің орынбасары Т.Р. Нығметов, көрші Ресей елінен өкілдер және тағы басқа да меймандар келген болатын. Қонақтарды Мәдениет үйінде құрмет-қошеметпен қарсы алған аудан басшылары мерекелік бағдарламаны теміржол вокзалы аумағында орналасқан Ұлы

Отан соғысы жауынгерлерінің құрметіне қойылған ескерткішке гүл шоғын қоюдан бастады. Өрбір мекемелер мен кәсіпорындар ұрыс даласында опат болған жауынгерлердің ерлігі куәсіндей болған мәңгілік алауға гүл дәстелерін қойып, бір минут үнсіздік жарияланды. «Бүгінгі біздің бейбіт тірлігіміз бен тыныш өмірімізге аталарымыздың қанымен қол жеткізілді. Жауынгерлер ерлігін кейінгі ұрпақ мәңгі ұмытпайды. Майданға 4608 бөрлілік аттанса, оның 1824-і ұрыс даласына оралмады. Мерейтой бастауы Ұлы Отан соғысына қатысушыларға тағзым етуден басталады», - деді кешті жүргізуші.

Бұдан соң аудандық Мәдениет үйінде мереке жалғасын тауып, аудан әкімі Б.Ө. Шәкімов сөз сөйлеп, аудан құрылғаннан бергі уақыт ішінде қиындықтар мен проблемаларға толы мыңдаған күндер өткенін, осы кезеңдерде аса маңызды қыруар жұмыстар жасалғанын және алдағы уақытта атқарыла беретінін атап өтті. «Бүгінде Бөрлі ауданы аумағында 60 мыңнан астам тұрғын мекен етеді. Соңғы жылдары ауыз су,



жолдарды жөндеу, көгілдір отын тарту мәселелері шешімін тапты. Бұл жұмыстарға атсалысқан қатардағы еңбекшілер мен мамандардың ерен еңбегін айтып өтуге болады. Сонымен қатар Қарашығанақ кеніші де ауданның дамуына аз үлес қосып отырған жоқ. Кенішті игеруші КПО Б.В. компаниясы қаланың аббаттандырылуына және тағы басқа жұмыстарды жүзеге асыруға жыл сайын 10 млн. доллар қаржы бөліп келеді», - деді.

Облыс әкімінің атынан сөз сөйлеген оның орынбасары Е.Ғ. Салыхов тұрғындарды мерекемен құттықтай отыра, Бөрлі ауданы - тарихи құнды өлкенің бірі екенін атап өтті. Аудан тарихы оның кең қойнауындағы қазынасымен ғана емес, өңірдің қалыптасуына атсалысқан адамдардың ерен еңбегінің арқасында екенін баса айтты. Сонымен қатар облыстағы аудандардың ішінде Бөрлі өлкесі экономикасы алға қарыштап дамыған аудан, оны соңғы жылдары атқарылған шаруалардан байқауға болады деп оң баға бере, БҚО әкімі Б.С. Ізмұхамбетовтың атынан алғыс хат табыс етті.

Саратов облысының Дергачев ауданының әкімшілік басшысы И.А. Бабоскин тілегін білдіре, екі ел арасында достық қарым-қатынас бірнеше жылдан бері жалғасып келе жатқанын, әрдайым Бөрлі ауданындағы жағымды жаңалықтарға куә болып келе жатқанын жеткізді. Ізгі

жолдарды жөндеу, көгілдір отын тарту мәселелері шешімін тапты. Бұл жұмыстарға атсалысқан қатардағы еңбекшілер мен мамандардың ерен еңбегін айтып өтуге болады. Сонымен қатар Қарашығанақ кеніші де ауданның дамуына аз үлес қосып отырған жоқ. Кенішті игеруші КПО Б.В. компаниясы қаланың аббаттандырылуына және тағы басқа жұмыстарды жүзеге асыруға жыл сайын 10 млн. доллар қаржы бөліп келеді», - деді.

Мереке барысында осыдан бір ай бұрын жарияланған «Ең үздік елді мекен» аталымы бойынша бірінші орын Қанай селолық округіне бұйырып, 1 мың АҚШ доллары сыйға берілді. Екінші орын алған Александров ауылына 700 мың теңге, ал үшінші орынды Қарағанды селолық округі иеленіп, 250 мың теңге сыйға тартылды. Сонымен қатар «Үздік ауыл» байқауы бойынша бірінші орын алған Жаңақоныс ауылына 500 мың теңге, екінші орын алған Облавка ауылына 300 мың теңге, ал үшінші орынды алған Бақтыарал ауылына 150 мың теңге табыс етілді. Селолық округ әкімдеріне табыс етілген бұл қаржы ауылдың игілігі үшін жұмсалатын болады. Кеш соңы Мәдениет үйінің сахнасындағы концерттік бағдарламаға ұласты.



«Би Джи»-дің жоғары мәртебелі өкілдері Қарашығанақта

Ағымдағы жылдың қараша айының басында Қарашығанақ кен орнында бірнеше күн бойы «Би Джи» компаниясының өкілетті делегациясы болды. Делегацияның құрамында «Би Джи Групп» компаниясының Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша атқарушы вице-президенті, соған сәйкес «Би Джи» компаниясының Қарашығанақ жобасы бойынша атқару комитетінің басқаратын Крис Финлэйсонмен бірге Орталық Азия елдері бойынша Аға вице-президент Марк Роллинс те бар.

Крис Финлэйсон бұл қызметке жақында ғана тағайындалғанын атап өткен жөн. «Би Джи»-дегі жаңа қызметіне дейін Крис Шелл компаниясында атқарушы Вице-президент қызметін атқарған. Ол әлемнің әртүрлі елдерінде түрлі лауазымдық қызметтерді атқара жүріп, мұнайгаз өндірісінде отыз

жылдық тәжірибе жинақтаған.

«Би Джи» өкілдерінің келуінің негізгі мақсаты - Қарашығанақтың аумағында орналасқан КПО-ның өндірістік нысандарымен танысу, КПО компаниясының ағымдағы өндірістік қызметімен танысу, сол сияқты КПО компаниясының Жобадқа қолданып отырған кен орнын игерудің озық әдістерін талқылау үшін компания басшыларымен кездесу.

Бұдан басқа «Би Джи» өкілдерінің назарына Қарашығанақ кен орнының өркендеуінің негізгі аспектілеріне қатысты, сол сияқты оның аймақтың әлеуметтік және экономикалық саласына қосатын үлесі туралы нақтылы ақпарат ұсынылды.

Сапар барысында қонақтар Қарашығанақ кен орнының өндірістік нысандарын аралап көрді, яғни Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде (КПК), ГП-2, ГП-3 нысандарында болып,



сол сияқты IV технологиялық желінің ағымдағы құрылысымен танысты. Сонымен бірге

мәртебелі қонақтар қазіргі таңда КПО-да жұмыс жасап, Қарашығанақ кен орнын игеру-

ге қатысып жатқан «Би Джи» компаниясының өкілдерімен, яғни өз әріптестерімен кездесті.

АТ және Т бөлімі интранет-сайт ашты

КПО компаниясының Ақпараттық Технология және Телекоммуникация бөлімі ішкі пайдаланушылар үшін өзінің интранет-сайтын ашты. Интранет жүйе ішкі корпоративті ақпараттық портал құруға мүмкіндік беретіні белгілі. Ол компанияның қызметкерлері мен бөлімдері, өкілдіктері арасында корпоративті коммуникацияларды толығырақ жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сайт орыс және ағылшын тілдерінде.

Бұдан басқа сайттың бөлімінің жұмысына сәйкесті әзірленгенін атап айтқан жөн, яғни КПО-ның әрбір қызметкері үшін техникалық жағынан шешімдер мен қызметтер көрсету мәселесінде әріптес бола алады.

Қазіргі уақытта компанияның кез-келген қызметкері көрсетілетін қызмет туралы, оны алу, пайдаланушылардың басшылығы, статистикалық

мәліметтер және басқа да көптеген кез-келген ақпаратты таба алады.

Ақпараттық Технология және Телекоммуникация бөлімі КПО-ның барлық бөлімдеріне қызмет көрсетеді. Оның ішінде интегралды компьютерлік жүйелер, телефон және радио жүйелері, үйлестіру және оқыту, ақпараттық технологияға қатысты келіссөздерді жүргізу және келісім-шарттарды басқару, технология жағынан көмектер көрсету және қолдау жасау бар.

АТ және Т бөлімінің қызметкерлері КПО қызметкерлері үшін тиімді жүйелілік аппараттық және бағдарламалық қамтудың көмегінің арқасында қажетті ақпаратқа шапшаң қол жеткізе алатын технологиялық орта құрумен айналысады. Бөлім жергілікті және халықаралық телекоммуникациялар және же-

лілермен мәліметтерді бірлесе пайдалану ісінде белсенді әріптес ретінде басшылық орындарды атқарады.

АТ және Т бөлімінің негізгі міндеттері болып мыналар табылады: мәліметтерді басқару, желімен жұмыс жасау, есептеу техникасымен жұмыс, мәліметтер базасы мен бағдарламалық қамтуды жобалау, сол сияқты ақпараттық технология жүйесін басқару.

АТ және Т бөлімі желілердің интеграциясына, желілерді басқаруға, үстел компьютерлері мен бағдарламалық қамту бизнесіне тән игеру жұмыстарына қолдау көрсетуге көп көңіл бөле отырып, үздіксіз ауысып жатқан компьютерлер мен интернет-технологиялардан қалыспай, ақпараттық технология мен телекоммуникациялар бойынша қызметтің мол түрін көрсетеді.



Халықаралық менеджмент бағдарламасы бойынша оқу

КПО компаниясының 70-тен астам жергілікті қызметкерлері британиялық Institute of Leadership and Management (ILM) оқу орнымен бірлесе отырып ұйымдастырылған менеджменттің сертификатталған бағдарламасы бойынша оқуды аяқтады. Осыған байланысты КПО компаниясы Ақсай қаласындағы Марко Поло қонақ үйінде түлектерге сертификаттар беру рәсімін өткізді. Рәсімге КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази және компанияның басқа да басшылары қатысты.

Оқуды бітірушілер алдында сөйлеген сөзінде КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази: «КПО – әруақытта да табысқа бағыт алған, гүлденіп келе жатқан компания. Ал табыс өз кезегінде компанияның басты байлығы болып табылатын адамдардың, яғни біздің кадрларымыздың дамуына жұмсалған қаржыға негізделген. КПО компаниясы әлемдік нарықта білікті менеджерлері мен көшбасшыларының арқасында алдыңғы орын-



дарда тұр», - деп атап көрсетті.

Өз кезегінде ILM басшысы Карин Рид: «ILM-нің негізгі қызметі жақсы көшбасшылық пен басқара білу ұйымның тиімділігіне, оның әлеуметтік және экономикалық дамуына ықпал етуші шешуші факторлар болып табылатынына сенетіндігінде. КПО сияқты ұйымдар өз командаларын дамытып және өз компаниясының, өз адамдарының, сайып келгенде өз елінің гүлденуі үшін болашаққа қаржы салумен бұл сөздерді нақты өмірге айналдыруда», - деп атап айтты.

ILM бағдарламасының директоры Мэри Брукстің айтуынша, «ILM оқу бағдарламасы кәсіби білімді және кадрларды ұлттандыру бағдарламасы шеңберінде КПО-ның қазақстандық қызметкерлерін дамытуды толықтырады. Басқару дағдыларын меңгеру ILM тыңдаушыларының кәсіби құзырлығын жоғарылатынына сенімдімін. Ал бұл дегеніңіз олардың КПО-дағы қызметінің шапшаңырақ өсуіне ықпал етеді».



ҚМГ бен Ені компанияларының біріккен жобасы



Елбасының баспасөз қызметінің хабарлауы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК бас директоры Нұрлан Балғымбаев Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты ҚМГ бен Ені компанияларының біріккен жобаларының орындалуы барысымен таныстырды.

Нұрлан Балғымбаев Президентті «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Ені компанияларының арасында 2009 жылдың қараша айында Қазақстан Президентінің Италия Республикасына ресми сапары шеңберінде қол қойылған құрылыс туралы келісім бойынша біріккен жобаларының орындалуы барысымен таныстырды, - делінген Ақ орданың сайтындағы хабарламада.

Аталған жобалардың ішінде «Павлодар НПЗ қайта конструкциялау, Орал қаласы аумағындағы газ турбиналық станциясының құрылысы, Қарашығанақтағы газды қайта өңдеу зауыты, Каспий теңізіндегі кеме құрылысы мен кеме жөндеу зауыты, газды бүкіл Қазақстан бойынша пайдалануды оңтайландыру бойынша және Исатай мен Шағала кен орнын барлау жобалары бар», - деп анықтап берген баспасөзде.

«Бүгін мен Президентке біздің жобаларымыздың қалай жүзеге асып жатқаны туралы баяндадым. Біз кесте бойынша келе жатырмыз. Биыл біздің

жобаларымыз бойынша барлық техникалық және технологиялық параметрлері белгіленген техникалық-экономикалық негіздемесін аяқтадық. 2011 жылы біз келесі кезеңге, яғни бөлшектел жобалауға көшеміз. Ал 2012 жылдан бастап бұл жобаларды, яғни олардың құрылысын бастайтын боламыз».



КПО EXCIUSIVE журналы рейтингінің жеңімпаздары қатарында



analytical review • обзорно-аналитический журнал

Қазақстандық беделді EXCIUSIVE сараптамалық шолу журналы жүргізген «Қазақстанда жұмыс жасайтын мұнайгаз компанияларының репутациялары рейтингі» атты қоғамдық пікір сауалнамасының қорытындысы бойынша «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы құрметті екінші орынды иеленді.

EXCIUSIVE есебі бойынша рейтинг кестесі оннан аса көшбасшыларды ерекшелеп көрсеткен. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының дамуына ықпал етуші шешуші факторлар болып табылатынына сенетіндігінде. КПО сияқты ұйымдар өз командаларын дамытып және өз компаниясының, өз адамдарының, сайып келгенде өз елінің гүлденуі үшін болашаққа қаржы салумен бұл сөздерді нақты өмірге айналдыруда», - деп атап айтты.

сына орныға түсуде. Солай бола тұрса да ҚМГ ең көп ұпайды «Қазақстандық нарықтағы табыс» критерийі бойынша жинаған.

Екінші орында «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы нық тұр. Оның себебін жыл бойғы компанияның жалпы тұрақты қызметімен түсіндіруге болады. Жалпы есеп бойынша рейтинг көшбасшысына жол бере отырып, компанияның «Басшылық біліктілігі мен оның репутациясы» (4,35%) және «Қазақстандық нарықтағы табыс» (4,75%) критерийлері бойынша ең жоғары ұпайлар жинағанына назар аударуға болады.

Көшбасшылар үштігін Тенгизшевройл компаниясы аяқтады. Оның жақында ғана басшысы ауысқан болатын. Бас директор Тодд Левинді орнына Тим Миллер келді. Өткен жылы екінші орынды алған компания биыл бір орын төмен сырғыды. Ал анық аутсайдерлерге келетін болсақ, осынау тізімнен биылғы жылы қытай мұнай элитасының өкілі – CNPC компаниясы шығып қалды.